

"Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын жайларын ұстауға және коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу туралы" Сарысу аудандық мәслихатының 2008 жылғы 3 маусымдағы № 8-3 шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2008 жылғы 09 желтоқсандағы N 16-5 Шешімі. Жамбыл облысы Сарысу ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 29 желтоқсанда 69 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2011 жылғы 08 маусымдағы № 51-11 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2011.06.08 № 51-11 Шешімімен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 6 бабын және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабының 2 тармағын басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. «Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жайларын ұстауға және коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін бекіту туралы» Сарысу аудандық мәслихатының 2008 жылғы 3 маусымдағы № 8-3 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тізілімінде 2008 жылдың 25 маусымында № 6-9-61 болып тіркелген, 2008 жылдың 2 шілдесіндегі № 52 аудандық «Сарысу» газетінде жарияланған), «Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жайларын ұстауға және коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін бекіту туралы» Сарысу аудандық мәслихатының 2008 жылғы 3 маусымдағы № 8-3 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Сарысу аудандық мәслихатының 2008 жылғы 2 қыркүйектегі № 12-4 шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тізіліміне 2008 жылдың 25 маусымында № 6-9-66 болып тіркелген, 2008 жылдың 8 қазандағы № 80 аудандық «Сарысу» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

Аталған шешіммен бекітілген табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын жайларын ұстауға және коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін тұрғын үй көмегін

көрсету

Тәртібінің:

атауындағы "көрсету" деген сөзден кейін "мөлшері мен" деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

бүкіл мәтін бойынша "тұрғын жайларын ұстауға" деген сөздерден кейін "(
жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын;

2 тармағында :

"отбасыларына" деген сөзден кейін "(азаматтарға)" деген сөзбен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін бір, екі немесе үш мүшесі бар әр отбасына жылу берілмейтін кезеңде екі, жылу берілетін кезеңде он, төрт немесе одан көп мүшесі бар отбасыларына жылу берілмейтін кезеңде бес, жылу берілетін кезеңде он бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде тоқсанына бір рет көмек көрсетіледі."

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

хатшысы

Д. Боханов

М. Есмаханов